



**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттығына кандидаттардың сайлау қорларын құру, жұмсау, олардың есебі мен есеп беру тәртібін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы 1995 жылғы 12 қазандағы N 13 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 8 мамырда тіркелді. Тіркеу N 304. Күші жойылды - ҚР орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 7 тамыздағы N 19/222 қаулысымен. ~V990870

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" заң күші бар Жарлығының

Z952464\_

12-бабының 1-тармағын және

34-бабының 6-тармағын басшылыққа ала отырып Орталық сайлау комиссиясы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттығына кандидаттардың сайлау қорларын құру, жұмсау, олардың есебі мен есеп беру тәртібі бекітілсін.

Қазақстан Республикасы  
Орталық сайлау комиссиясының  
төрағасы

Қазақстан Республикасы  
Орталық сайлау комиссиясының  
хатшысы

Қазақстан Республикасы  
Орталық сайлау комиссиясының  
1995 жылғы қазандағы  
қаулысымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі  
депутаттығына кандидаттардың сайлау қорларын  
күру, жұмсау, олардың есебі мен есеп беру тәртібі

1. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына  
кандидаттардың сайлау қорлары Қазақстан Республикасы Президентінің  
"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" конституциялық заң күші бар  
Жарлығының 34, 92-баптарының негізінде құрылады.

1. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
депутаттығына кандидаттың сайлау қорын құру  
тәртібі

Мәжіліс депутаттығына кандидат тиісті сайлау комиссиясында тіркелгеннен  
кейін өзінің сайлау қорын тіркеу үшін аумақтық әділет органына өтініш береді.

Әділет басқармасы (бөлімі) Әділет министрлігі белгілеген тәртіп негізінде  
өтініш берілген кезден бастап бір жұмыс күні ішінде оның сайлау қорын тіркейді  
. Сайлау қорларын тіркеу туралы мәліметтер тиісті округтік сайлау  
комиссияларына дереу табыс етіледі.

Округтік сайлау комиссиялары Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды  
тіркегеннен кейін келесі күні кандидаттың сайлау қорының арнаулы уақытша  
есепшотын ашу үшін сайлау қорлары әділет басқармаларында тіркелген  
кандидаттардың тізімін Халықтық банктің бөлімшелеріне жібереді.

Сайлау қорлары мынадай көздерден құралады:

а) кандидаттың өз қаражаты, оның жалпы сомасы ең төменгі жалақының  
зандарда белгіленген мөлшерінен екі жұз еседен артық болмауға тиіс;

б) кандидатты ұсынған республикалық қоғамдық бірлестіктің оған бөлген  
қаражат, оның жалпы сомасы ең төменгі жалақының зандарда белгіленген  
мөлшерінен бес жұз еседен артық болмауға тиіс;

в) Республика азаматтары мен ұйымдарының ерікті қайырмалдықтары,  
олардың жалпы сомасы ең төменгі жалақының зандарда белгіленген мөлшерінен  
мың еседен артық болмауға тиіс.

Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару  
органдарының, қайырымдылық ұйымдарының, діни бірлестіктердің, жарғылық  
капиталына шет ел қатысқан қазақстандық занды тұлғалардың ерікті  
қайырмалықтарына тыйым салынады.

Белгіленген мөлшерден тыс келіп түскен ақшалай қаражат сайлау қорларына

қосуға жатпайды және оны Халықтық банк бөлімшесі оны берген азаматтар мен ұйымдарға қайтарады. Бұл орайда аталған қаражатты қайтаруға байланысты шығындар оны берген азаматтар мен ұйымдар есебінен жабылады.

Депутаттық қандидаттың сайлау қорына қолма-қол ақшамен ерікті қайырымдылықтар салған кезде оны салушы тегін, атын және әкесінің атын, тұрақты тұрған жерін және төлқүжат деректерін көрсетуге тиіс. Беймәлім қайырмалдықтар республикалық бюджет кірісіне түседі.

Халықтық банк бөлімшесі қандидаттардың арнаулы уақытша есепшоттарына қаражат келіп түскені туралы мәліметтерді ол келіп түскеннен бастап үш құн мерзім ішінде тиісті округтік сайлау комиссиясына береді (Жарлықтың 34-бабының 6 - тармағы ).

Сайлау қорларының есепшоттары бойынша кірістер есептелмейді және төленбейді. Қандидаттың қорына келіп түскен ақшалай қаражаттың жалпы сомасын округтік сайлау комиссиясы есепшот ашылғаннан кейін он күннен кешіктірмей және дауыс беру күніне дейін екі күн қалғанда бұқаралық ақпарат құралдарында жариялады (Жарлықтың 34-бабының 4-тармағы).

Барлық ақшалай қаражат сайлау қорларының есепшоттарына теңгемен аударылады. Шет ел валютасымен аударуға тыйым салынады.

## II. Мәжіліс депутаттығына қандидаттар сайлау қорларының ақшалай қаражатын жұмсау

1. Сайлау қоры қаражатына иелік ету құқығы тек қана қандидатқа беріледі ( Жарлықтың 34-бабының 6-тармағы ).

2. "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Жарлықтың 27-бабына, 28-бабының 6-тармағына сәйкес Парламент Мәжілісі депутаттығына қандидат өз сайлау қорының қаражатынан мынадай шығыстарды төлеуге құқылы:

а) тіркелген кез келген бұқаралық ақпарат құралдарындағы сөзіне;  
б) сайлау алдындағы көпшілік шараларды (сайлау алдындағы жиналыстар және сайлаушылармен кездесулерді, сайлау алдындағы жария айтыстар мен пікірсайыстарды, митингілерді, шерулерді, демонстрацияларды және өзге де сайлау алдындағы шараларды), қандидаттар мен олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен жеке кездесулерін өткізуге;

в) баспа, бейне-дыбысжазу және өзге де үгіт материалдарын шығаруға және ( н е м е с е ) т а р а т у ғ а ;

г) заңды және жеке тұлғалардың үгіт жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қызметтеріне ақы төлеуге; төлеуге ;

д) адвокат қызметіне ақы төлеуге, мемлекеттік бажға ақы төлеуге;  
е) сенім білдірілген адамдар мен бастамашы топ мүшелерінің сайлау

алдындағы үгітке байланысты көлік және іссапар шығындарын жабуға;

ж) баспа материалдарын, соның ішінде безендірмелік материалдарды, сондай-ақ белгілерді, жалауларды, жалаушыларды және сайлау науқаны үшін арнайы дайындалған басқа да белгілер мен нышандарды тегін таратуға (27-баптың 5 - тармағы).

Кез келген басқа көздерден өзге де ақшалай қаражат тартуға, заңды және жеке тұлғалардың үгіт жұмысын ұйымдастыру жөніндегі кандидаттардың сайлау қорлары қаражатынан төленбекен кез келген қызметтің қабылдауға, аталған заңды және жеке тұлғаларға осы қызметтерді көрсеткені үшін кандидат тарапынан кез келген ықпалды әрекет жасалуына тыйым салынады (Жарлықтың 28-бабының 6-тармағы).

3. Кандидат өз кандидатурасын алып тастаған немесе оны ұсыну немесе тіркеу туралы шешімнің күші жойылған жағдайда сайлау қорына келіп түсken ақшалай қаражат оны салған азаматтар мен ұйымдарға дереу қайтарылуға тиіс. Бұл орайда аталған қаражатты қайтаруға байланысты шығындар оны салған азаматтар мен ұйымдар есебінен жабылады (Жарлықтың 34-бабының 7-тармағы).

Халықтық банк бөлімшесі жеті күн мерзімде тиісті округтік сайлау комиссиясына ақшалай қаражатты қайтарғаны туралы мәліметті табыс етеді.

### III. Сайлау қорларының есебі, есеп беруі және олардың ақшалай қаражатының жұмсалуын бақылау

1. Мәжіліс депутаттығына кандидаттардың сайлау қорлары ақшалай қаражатының жұмсалуына бақылауды тиісті сайлау комиссиялары мен Халықтық банк бөлімшелері жүзеге асырады (36-баптың 2-тармағы).

2. Сайлау қорлары қаражатының дұрыс аударылуы және оның мақсатты жұмсалуы үшін депутаттыққа кандидат жауапты болады.

3. Депутаттыққа кандидат өзінің сайлау қорына ақшалай қаражаттың түсү есебін, сондай-ақ олардың жұмсалу есебін жүргізеді. Есеп түсімдердің әр түрі бойынша, күні, теңгемен есептелген сомасы және бұл қаражатты аударған нақты жеке және заңды тұлғаның атауы көрсетіле отырып жүргізіледі. Шығыстар тізімдемесінде мыналар жазылады: қаражаттың есепшотқа келіп түсken күні, қаражатты банктен алған күні, қаражат сомасы, қаражат жұмсалған шаралар (қағаз сатып алу, баспаханада үгіт материалдарын басу, тарату, жапсыру, көлік және іссапар шығындарын жабу және т.б.), қаражаттың жұмсалғанын растайтын құжаттар (шек, квитанция, акті, қолхат және т.б.).

Округтік сайлау комиссиясының сұрауы бойынша Халықтық банктің бөлімшесі 3 күн мерзім ішінде кандидаттардың сайлау қорынан ақшалай қаражат

жұмсауы туралы мәліметтерді табыс етеді (Жарлықтың 34-бабының 6-тармағы).

4. Кандидаттардың арнайы уақытша есепшоттары бойынша барлық қаржы операциялары сайлаудың алдындағы күні тоқтатылады (34-баптың 8-тармағы).

5. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 34-бабы 9-пунктіне сәйкес Ортсайлауком сайлау қорытындыларын анықтағаннан кейін бес күннен кешіктірмей, кандидат тиісті сайлау комиссиясына өзінің сайлау қорының қаражатын пайдаланғаны жөніндегі есебінде, сайлау қорына түскен ақшалардың көздерін және сайлау алдындағы үгітке жұмсалған барлық шығындарды көрсетіп, беруге міндетті. Сонымен бірге банк куәландырған жеке шотының көшірмесі тақсырылады.

Есеп нысан бойынша, қаражаттың жұмсалғанын растайтын құжаттар тіркеле отырып табыс етіледі (нысан қоса тіркеліп отыр).

Халықтық банктің тиісті бөлімшелері округтік сайлау комиссиясына мәліметтер бере отырып сайлау науқаны мақсаттарына жұмсалмай қалған сайлау қоры қаражатының үштен екі бөлігін республикалық бюджетке, ал үштен бір бөлігін кандидатқа қайтарады (34-баптың 9-тармағын қараңыз).

Тиісті сайлау комиссиясы есепті қабылдағаны туралы шешім алып, бұл

жөнінде 7 күн мерзім ішінде әділет басқармасын хабардар етеді.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақтың 1 абзацы жаңа редакцияда - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 1996.06.26. N 55 қаулысымен.

6. Кандидаттың Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 34-бабында белгіленген ережелерді және сайлау қорлары қаражатын жұмсаудың осы тәртібін бұзуы - кандидатты тіркеу туралы шешімінің күшін жоюға, ал сайлау өткеннен кейін екі апта мерзім ішінде тиісті аумак, округ немесе участке бойынша сайлауды жарамсыз деп тануға әкеп соғады.

Қазақстан Республикасы  
Орталық сайлау комиссиясының  
хатшысы

Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісі  
депутаттығына кандидаттардың сайлау қорларын  
құру, жұмсау, олардың есебі мен есеп беру  
тәртібіне нысан

Мәжіліс депутаттығына кандидаттың сайлау

## қоры қаражатын жұмсау туралы есебі

1. Сайлау қорының жалпы сомасы .....тәнге.
2. Сайлау қорына әрбір көзі бойынша сомалары көрсетілген қаражаттардың түсу көздері

---

Тұсken | Тәnge | Тұsu көzі | Қaражatтың banкіge  
kүnі | somasы | | tұskendіgіn rastaitыn  
| | | kүjattar

---

Осы нысанды толтыру үлгісі:

- 10.11 500 Депутаттыққа кандидаттың ..... кіріс  
өз қаражаты ордері, төлкүжат  
(тегі, аты, әкесінің аты, деректері  
тұрақты тұрган жері)
- 20.11 1000 Кандидатты ұсынған .....N ...төлем  
республикалық қоғамдық тапсырмасы  
бірлестік (тұрган жері) қоғамдық бірлестіктің  
есепшот N  
банktің тұрган жайы
- 27.11 100 Азаматтардың ерікті қолма-қол жарнаға  
қайырмалдығы (тегі, аты, хабарлама  
әкесінің аты, төлкүжат кіріс ордері  
деректері, тұрган жері)
- 28.11 1000000 Ұйымның аты .....N ...төлем  
(тұрган жері) тапсырмасы  
ұйымның есепшот N  
банktің тұрган жері

### 3. Қаражатты есепшоттан алу және ол жұмсалған шаралар

---

Kүnі | Тәnge | Қaражat жұмсалғan | Қaражatтардың жұмсалғандығын  
somasы | шаралар | rastaitыn kүjattar

---

### 4. Жарналардың белгіленген мөлшердегі шегінен асып кеткен жағдайда қаражатты қайтару

Тұсken | Тұsu | Қаражаттардың банкке | Қаражаттарды қайтарған  
күні мен| көзі | тұскендігін растайтын|мерзімі мен оларды  
сомасы | | құжат | қайтарғандығын растайтын  
| | құжат

---

28.11 Азаматтардың .....199 ..ж. ....

300000 ерікті кіріс ордері

қайырымдылығы төлкүжат деректері  
(тегі, аты,  
әкесінің аты,  
тұрақты тұрган  
жері)

28.11 Республика ұйымы .....N ...

300000 (тұрган жерінің төлем тапсырмасы  
атауы) банктің атауы мен

тұрган жері,  
есепшот N...

29.11 Республикалық .....N ...

300000 қоғамдық төлем тапсырмасы  
бірлестік банктің атауы мен  
(тұрган жерінің тұрган жері, есепшот N..  
атауы)

##### 5. Деректерді банк күәландырады.

Есепшоттағы .....жағдай бойынша қалған қаражат  
.....теңге.

Қалдықтың үштен екісі ..... теңге сомасында республикалық  
бюджетке түсті. (төлем құжатының күні мен N...).

Қалдықтың үштен бірі ..... теңге сомасында кандидатқа қайтарылды.  
Банк бөлімшесінің қолы

Қолы (Депутаттыққа кандидат)  
М.О.

Күәландырды. тиісті сайлау комиссиясының төрағасы  
М.О.

1995 жылғы 12 қазанда Ортсайлаукомның N 13 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттығына кандидаттардың сайлау қорларын құру, жұмсау, есепке алу және есеп беру тәртібі" жөніндегі

5-пунктті өзгерту туралы

## ҚАУЛЫ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 1995 жылғы 12 қазанда Ортсайлаукомның N 13 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттығына кандидаттардың сайлау қорларын құру, жұмсау, есепке алу және есеп беру тәртібінің" 5-пунктіне байланысты наразылығын қарап шығып, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы қаулы етті:

1. 1995 жылғы 12 қазанда Ортсайлаукомның N 13 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттығына кандидаттардың сайлау қорларын құру, жұмсау, есепке алу және есеп беру тәртібінің" 5-пунктінің 1 абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 34-бабы 9-пунктіне сәйкес Ортсайлауком сайлау қорытындыларын анықтағаннан кейін бес күннен кешіктірмей, кандидат тиісті сайлау комиссиясына өзінің сайлау қорының қаражатын пайдаланғаны жөніндегі есебінде, сайлау қорына түскен ақшалардың көздерін және сайлау алдындағы үгітке жұмсалған барлық шығындарды көрсетіп, беруге міндетті. Сонымен бірге банк куәландырған жеке шотының көшірмесі тапсырылады".

2. Осы қаулы Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі барлық облыстық және округтік сайлау комиссияларына жіберілсін және Ортсайлаукомның хабаршысында жариялансын.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына заңда бекітілген он күндік мерзім ішінде, наразылықты қарау нәтижесі туралы жазбаша хабарлансын.

Ортсайлауком төрайымы

Ортсайлауком хатшысы

© 2012. РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан»  
Министерства юстиции Республики Казахстан